



Ақмешіт

1 қазан
сейсенбі
№78 (2088)
2024 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

Таяғына сүйеніп қария тұр



Көздерінде тарих бар, тұнып тұрған,
Жылдар салған жара да соны ұқтырған.
Таяғына сүйеніп қария тұр,
Тағдыры да жақсы емес, оңып тұрған.

Қаниша сыннан өтсе де, мұқалмаған,
Рухы – мықты, жылдарға жұталмаған.
Ұрағына лайықты ғұмыр тілеп,
Бар өмірін кейінге тіке арнаған.

Дәл осындай қарттарым, қазынам бар,
Олардың ойын оқы, назын аңсар.
Тірі тарих ортада жүр ғой әне,
Айтшы қандай шежірең, жазып алған.

Бар кезде түсінбейміз қадірін де,
Қате жасап жүрміз ғой әлі күнге.
Қарттар күні келгенде ойға түсер,
Басқа кезде ойда жоқ, бәрінің де.

Иә, міне, тарихың, кешегің де,
Дамуың да қарыштап, өсерің де.
Олардың көз алдында өтіп жатыр,
Өмірге келдім дейсің неше күнге?!

Бар кезде алып алғын, батасын да,
Қарияның өстік қой арқасында.
Олар үшін шәкіртпіз, баламыз біз,
Отырмыз өмір-мектеп партасында.

Қол жайып, бата сұрап тұрмын тағы,
Балам тұр, құртын тістеп, ұртындағы.
Санасында қалсын деп ертіп келдім,
Үлкендердің өсиетін бір тыңдады...

Дәулет ҚЫРДАН

ҚАМБАҒА ДӘН ҚҰЙЫЛДЫ

«Көктемнің бір күні – жылға азық» деп, биыл 8 298 гектар жерге егін ектік. «Балапанды күзде санайтын» дағдымен алтын күздің жемісін теріп, себетке салудамыз. Сала мамандарының мәліметінше, көкөністің 1329 гектарынан 135 центнер, бақшаның 990 гектарынан 136 центнерден, картоп дақылдың 40 гектарынан 125 центнерден өнім жиналды. Ал егілген күріштің 1 883 гектары орылып, 8 482,1 тоннасы қамбаға құйылды.



Мерекенмен, Қызылорда!



Алаштың Ақмешіті деп айдар тағалған шағарымыздың тарихына зер салсақ, сонау қамысты қала атауын иемденген тұстан бастап, Қоқан хандығы тұсындағы Ақмешіт бекінісі, Ақмешіт уезі атанған. 1925 жылы Қызылорда атауымен еліміздің бас қаласына айналған Қызылорданың биыл 206 жылдық мерейтойын тойлаудамыз.

Бүгінде Қызылорда қаласының көркі керемет құлпырған. Көз тартарлық ғимараттар салынып, сәулетті қалаға айналды. Қоғамның көптеген саласында даму бар. Салынып жатқан жаңа үлгідегі тұрғын үйлердің тұрғындары қандай бақытты?! Дарияның сол жағалауынан қас-қағым сәтте бүтіндей бір қала тұрғызылды. Аумағы абаттанған Ақмешіт талай жанның шабытын шырқатып, қанат бітіріп тұр.

Мен қала тұрғындары мен қонақтарын мерекемен құттықтай отырып, еліміздің өркендеуі жолында бірге қызмет жасауға шақырамын.

Аяқөз ӘБДІРАЗАҚОВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда
университетінің аға оқытушысы

Қала күні мерекесі аясында Тұңғыш Президент саябағында «Жастық шағымның куәсі – Қызылорда!» атты ретро-фестиваль өтті. Жанды дауыстағы дәстүрлі ретро-фестивальге аймаққа белгілі 5 вокалды аспапты ансамбль қатысты. Ашық аспан астындағы мәдени шара қала өнерпаздарының тақырыптық қойылымымен басталды.

ДӘСТҮРЛІ РЕТРО- ФЕСТИВАЛЬ ӨТТІ



Өнер кешіне қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев қатысып, қала тұрғындарын шаһардың төл мерекесімен құттықтады. Шаһардың мәдени-рухани тынысына дем берген бірқатар өнер майталмандарына және қатысушы ансамбль жетекшілеріне шаһар басшысының арнайы алғыс хаттары мен естелік сыйлықтарын

табыстаған қала әкімінің орынбасары дәстүрлі өнер мерекесі жемісті болсын деген лебізін білдірді.

Мұнан соң кеш көркін қыздырған Жаңақорған ауданы Келінтөбе ауылының «К 4», Қазалы ауданының «Б-ші аймақ», Сырдария ауданының «Достар», Жаңақорған ауданының «Экспресс», А.Токмағамбетов атындағы

қалалық мәдениет үйі жанынан құрылған «Мерекесі» вокалды аспапты ансамбльдері қала тұрғындарына керемет көңіл-күй сыйлады.

Дәстүрлі фестиваль жыл өткен сайын ауқымын кеңейте бермек.

«Ақмешіт-ақпарат»

КИБЕРСПОРТ уақытша ойын-сауық па, әлде болашақ спорты ма?



Киберспорт – бұл заманауи технологиялар дәуірінде пайда болған жаңа спорт түрі. Бұл спорт түрі «кибер» және «спорт» екі сөзден құралған, мұнда «кибер» компьютерлік технологиялармен байланысты болса, «спорт» жарыс дегенді білдіреді. Киберспорт алғашқы жарыстары ғаламтормен пайда болып, бүкіл әлемге таралуына дейін болды. Киберспорттың пайда болуы 1970 жылдарда бастау алды. Алғашқы киберспорт турнирі 1972 жылы АҚШ-тың Стэнфорд университетінде өтті. Матч барысында университет оқытушылары мен студенттері «Spacewar» атты виртуалды ойынында жарысты. Бастапқыда бұл тек қарапайым ойын болғанымен, уақыт өте келе күрделене түсіп, халықаралық деңгейде танымал болды.

